

Шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін Ынталы ауылдық округінде белгілеу туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы Ынталы ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 01 қыркүйектегі N 08 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 22 қыркүйекте N 2-5-116 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" N 339 Заңының 10-1-бабының 7-тармақшасына және Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы Министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алакөл аудандық аумақтық инспекциясының 2010 жылғы 01 қыркүйектегі "Ынталы ауылдық округ тұрғындарының меншігіндегі малдарының арасынан сарып ауруының туындағанына байланысты, карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" ұсынысына сәйкес, Ынталы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ынталы ауылдық округ тұрғындарының меншігіндегі малдарының арасынан, сарып ауруының шығуына байланысты, карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау Ынталы ауылдық округінің бас маманы А. С а з а н б а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Шешім жергілікті басылымда ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ы н т а л ы а у ы л д ы қ
округінің әкімі: **Қ. Иманқұлов**